



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Что касается форматов представления отчетов, то здесь практика тоже различная. Например, балансовый отчет в некоторых странах подается в горизонтальном формате: Франция, Германия, Бельгия, Италия, Греция, Испания, и т.п. В Люксембурге, Нидерландах, Великобритании, Ирландии, Дании предприятия могут подавать как горизонтальную, так и вертикальную форму.

Многие компании представляют, кроме финансовых отчетов, дополнительные отчеты, такие, как экономические отчеты, отчеты о добавленной стоимости, особенно в тех областях, где существенными являются экологические факторы и где работники считаются важной группой пользователей. Компании поощряются к предоставлению таких дополнительных отчетов, если руководство считает, что они помогут пользователям в принятии экономических решений.

Публичная финансовая отчетность, которая публикуется зарубежными компаниями, в особенности западными, иногда представляет собой ярко оформленные буклеты, которые, кроме самих форм бухгалтерских отчетов, заверенных аудитором, содержат много другой информации. Как правило, это обращения президента компании к акционерам, отчет совета директоров, анализ развития компании за предыдущие периоды, прогноз на ближайшие годы, описание размещения и размеров инвестиций, международных связей, информация о социальной политике компании с разными графиками, схемами, диаграммами, фотографиями и т.п. Такая информация не регулируется, а предоставляется исключительно по усмотрению компании. Но именно она очень важна для пользователей как дополнительный источник данных для принятия решений.

Следовательно, каждая страна имеет свои особенности в порядке составления и представления финансовой отчетности. Однако существует единый для всех комплект обязательных отчетов – это баланс, отчет о прибыли и убытках и примечания к ним.

В большинстве случаев регламентируются лишь наиболее существенные элементы отчетов. А такие вопросы, как объем и сущность детализации отчета, включение в него специфической для данной компании информации, расчеты разнообразных показателей, отдаются на усмотрение самой компании.

Список использованной литературы:

1. Безверхий К. Финансовая отчетность за МСФО: мифология от минфина // Бухгалтерский учет и аудит, № 2, 2013, С. 8-11.
2. Манина Н. В., Николаева М. О. Зарубежный опыт учета и анализа финансовых результатов организации // Молодой ученый, №6, 2016, С. 498-501.

УДК 336.24

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛЫПТАСУЫ

Қадырбек Шырай Төреханқызы, Шымбаев Әділет Әлімжанұлы

shyray.k@mail.ru, adlet.kz.1997@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және Аудит» мамандығының 3-курс студенттері, Астана
Ғылыми жетекшісі –Тажикенова Сапия Каргабаевна

Мемлекеттік аудитті енгізу – мемлекеттік қаражатты бақылауды жетілдірудегі маңызды бағыттардың бірі, сондай-ақ алға қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің неғұрлым пәрменді құралдарының бірі. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің экономиканы немесе оның жекелеген салаларын дамытудағы қызметін бағалау, тексеру негізінде мемлекеттің қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектордың активтерін басқару және пайдалану тиімділігін арттыру болып табылады. Бұл ретте мемлекеттік қаржылық бақылау аудит объектілерінің жасаған бұзушылықтарын жоюға және ден қою шараларын қолдануға бағытталатын болады.

Кез келген мемлекетте ұлттық ресурстардың қалыптасуы және оның тиімді пайдалануына, сондай-ақ мемлекет активтеріне – мемлекеттік аудит жүргізу объективті процесс.

Қазақстандықтардың өмір сүру сапасы мен деңгейін түбегейлі арттыруға Мемлекет басшысы қойған стратегиялық міндеттерді шешкен жағдайда ғана қол жеткізуге болады.

Мемлекет Басшысының бес институционалды реформасын іске асыруға бағытталған «100 қадам – Ұлт жоспарының» арнайы бір қадамы «Мемлекеттік аппарат жұмысының аудиті мен бағалауының жаңа жүйесін енгізу» болып табылады. Осы қадамды жүзеге асыру үшін 2015 жылы 12 қарашада Мемлекет басшысы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына қол қойды.[1]

Аталған заңдар мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары кешенді жүйесі мен аталған реформаларды жүргізу аясында Елбасымыздың тапсырмасын орындауға бағытталған және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің қызметін бағалау және талдауға арналған. Сонымен қатар, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы мемлекеттік аудитпен және қаржылық бақылаумен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өкілеттігі мен қызметін ұйымдастыруды айқындайды.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасында: «Бізге ең озық әлемдік тәжірибие негізінде мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құру қажет» деп аталып өткен.

Қазақстандық қоғамды дамыту және мемлекеттік аппарат алдында туындайтын жаңа тұрпаттағы міндеттемелер мемлекеттік басқарудың күшті жүйесінің жұмыс істеуін талап етеді.

«Осы мәселелерді шешуде мемлекеттік қаржылық бақылаудың мемлекеттік басқарудың ажырамас бөлігі ретінде рөлі арта түседі. Алайда елде қолданылып отырған мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану жағдайлары мен қаржылық бұзушылықтарды анықтауға ғана бағытталған және «біржақты» болып табылады. Бұл ретте басқарудың қазіргі жүйесіне баға беретін және оны бұдан әрі тиімді дамыту бойынша бағыттарын айқындайтын осындай институтты енгізу қажет.

Халықаралық практикада мұндай рөлді «мемлекеттік аудит» атқарады деп мемлекет басшысы атап өткен болатын.

Тұтас алғанда, мемлекеттік аудит Қазақстан үшін тек қаржы мәселелерін ғана емес, сонымен қатар анықталған кемшіліктер мен тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстар негізінде пәрменді ұсынымдарды берумен бірге, олардың қызметінің барлық бағыттарын қамтитын аудит объектілері қызметінің тиімділігінің тұтас және тәуелсіз бағалауы ретінде көрінеді.

Осы Тұжырымдама мемлекеттік қаржылық бақылауды кезең-кезеңімен реформалауды және мемлекеттік аудитті, одан әрі оның функционалды бағыттарын кеңейте отырып енгізу пайымы мен негізгі тәсілдерін анықтайды. Бұл ретте мемлекеттік қаржылық бақылау функциялары аудиттелетін объектінің қызметінде салдарларын жою мен жауапкершілікке тартуды талап ететін заңнама бұзушылықтары анықталған кезде іске асырылатын болатындығы бекітілген .

Мемлекеттік аудитті енгізу мемлекеттік қаржылық бақылаудың қолданыстағы жүйесін жоюды емес, енгізілетін мемлекеттік аудиттің жүйесіне оның үйлесімді енуін білдіруі тиіс.

Мемлекеттік қаржылық бақылау бұзушылықтарды анықтау және ден қою (әкімшілік іс қозғау, залалды қалпына келтіруге (жоюға) мәжбүрлеу, тәртіптік жауапкершілікке тарту, іс жүргізу шешімдерін қабылдау үшін материалдарды құқық қорғау органдарына беру) шараларын қолдануға бағытталатын болатындығы, ал мемлекеттік аудит объектісінің

қызметін жетілдіруге және тиімділігін арттыруға бағытталған басқаруды бағалау ретінде енгізілетін болатындығы Тұжырымдамада атап көрсетілген.

Мемлекет басшысы 2015 жылғы қарашада «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) қол қойды (11.01.2018ж. өзгертулер мен толықтырулармен).

Заңдарды әзірлеу кезінде Лима декларациясының, Дүниежүзілік банк және Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының консультанттарының (Ұлыбритания, Канада, Германия, Франция, Түркия, Ресей) ұсынымдары ескерілді. Аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары (халықаралық қаржылық бақылау ұйымдары; Ішкі аудиторлар институты, Халықаралық бухгалтерлердің федерациясы) негізге алынды.

Заңның негізгі мақсаты – халықаралық тәжірибені және қолданыстағы қаржылық бақылаудың қолдану тәжірибесін ескере отырып, мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құру.

Мемлекеттік аудиттің ең алдымен, мемлекеттік қаржылық бақылаудан өзгешелігі: басты назар сәйкестік аудитінен – мемлекеттік қаржы ресурстары мен мемлекеттік мүлікті пайдаланудың тиімділігі аудитіне қарай бет бұрады.

Аудиттің типтері, түрлері, нысандары және әдістері, сондай-ақ мемлекеттік аудит өткізуі тәртібі және нәтижелерін рәсімдеу жиынтығы аудиттің механизімі болып табылады.

Заңда мемлекеттік аудиттің негізгі бағыттары - ұлттық ресурстарды басқару (қаржылық, табиғи, өндірістік, кадрлық, ақпараттық және т.б.) қаралған.

Мемлекеттің қаржылық ресурстарына:

- бюджет ресурстары (қаражаттары);
- мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың қаржылық ресурстары;
- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық ресурстары жатқызылады.

Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетімен және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша осы органдардың бірінші басшылары айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілеріне мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ бюджет қаражатын алушылар жатады. Республикада мемлекеттік аудит жүйесін құру үшін мемлекеттік аудиттің негізгі бағыттарын айқындау және мемлекеттік аудит органдарының жұмысын жетілдіру бойынша кешенді іс-шаралар өткізіліп тұрады. Бұл ретте мемлекеттік аудит жүйесінің заңнамалық, нормативтік, әдістемелік, ақпараттық және кадр сияқты қамтамасыз етуші элементтер құрылады.

Заң қабылдағаннан кейін жалпы стандарттар, сондай-ақ мемлекеттік аудиттің жекеленген типтерін жүргізу бойынша рәсімдік стандарттар әзірленді және бекітілді. Сондай-ақ мемлекеттік аудитті жоспарлау мен жүргізу, мемлекеттік аудит органдарының жүргізген аудит нәтижелерін өзара тану кезіндегі олардың іс-әрекеті бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірленді.

Қазақстан Республикасының заңнамасындағы жаңалықтардың бірі квазимемлекеттік сектор объектілерінің арнайы мақсаттағы аудит институтын белгілейтін Заң нормалары болып табылады. Мемлекеттік сектор субъектілеріне жыл сайын аудит жүргізу кезінде жекеше аудиторлық компаниялар келесі бағыттар бойынша арнайы мақсаттағы аудит жүргізетін болады: бюджет қаражатын, мемлекет активтерін тиімді пайдалану.

Аталмыш жұмысты жүргізу үшін Есеп комитеті квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды ұсыну қағидаларын әзірледі [2]. Есеп комитеті мен «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» ШЖҚ РМК қызметкерлері арнайы мақсаттағы аудит жүргізу мәселелерін талқылауға қатысты.

Республикада мемлекеттік аудит жүйесін кадрмен қамтамасыз ету мәселелеріне баса назар аударылады, бұл мынадай үш бағытты қамтиды:

- «Мемлекеттік аудитор» біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау;
- Сыртқы мемлекеттік аудит және ішкі мемлекеттік аудит органдарының қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;
- Жоғары және ЖОО кейінгі білім беру жүйесінде (бакалавриат, магистратура, PhD докторантура) мемлекеттік аудит саласындағы мамандар даярлау [3].

Заңнаманың талаптарына сәйкес 2016 жылы мемлекеттік аудит жүргізетін мемлекеттік аудиторларға үміткерлерді оқыту, сондай-ақ олардың білімін растау «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» РМК базасында жүзеге асырылды.

Оқыту процесі «Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларын бекіту туралы» Есеп комитетінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы №22 НК нормативтік қаулысымен бекітілген мынадай 5 пән бойынша жүзеге асырылды:

- «Қоғамдық сектор үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес мемлекеттік бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау»;
- «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес квазимемлекеттік секторда бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау»;
- «Қаржылық есептілік аудиті»;
- «Тиімділік аудиті»;
- «Сәйкестік аудиті».

Жоғарыда көрсетілген біліктілікті арттыру курстарында оқығандардың жалпы саны 536 адамды, соның ішінде Есеп комитетінің 65 және тексеру комиссияларының 471 қызметкерін құрады.

Есеп комитеті Төрағасының 28.07.2016 ж. № 102-НҚ бұйрығымен Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссиясының құрамы бекітілді.

Есеп комитетінің Жоспарлау және есептілік бөлімінің 2016 жылғы 1 қазандағы деректеріне сәйкес Ұлттық комиссиясының 18 отырысы өткен, оның барысында «Мемлекеттік аудитор» біліктілігін иеленуге үміткер 845 адаммен (сыртқы және ішкі мемлекеттік және қаржылық бақылау органдарының қызметкерлерімен) әңгімелесу өткізілді.

Республикада мемлекеттік аудит жүйесін кадрмен қамтамасыз ету мәселелесінің үшінші тармағын жүзеге асыру мақсатында, Есеп комитетінің бастамасымен 2016 жылы 5B052100 (бакалавриат), 6M052100 (магистратура), 6D052100 (докторантура PhD) – «Мемлекеттік аудит» мамандығы Қазақстан Республикасының жоғарғы және ЖОО кейінгі білім беру мамандықтарының сыныптауышына енгізіліп, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ (бұдан әрі-Университет) «Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша барлық үш деңгейде (бакалавриат – магистратура – докторантура) даярлауға құжаттар қабылдады.

Қазіргі таңда 5B052100 – «Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша бакалавриатқа 114 студент білім алуда, олардың 77 %-ы мемлекеттік білім беру гранты бойынша түскен. Мемлекеттік білім беру гранты бойынша түскен студенттердің 90%-ы «Алтын белгі» иегерлері және пән олимпиадаларының жеңімпаздары болып табылады.

6M052100 – «Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша магистратураға 43 білімалушының 7-і 2017-2018 оқу жылында «Мемлекеттік аудитор» академиялық дәрежесіне ие болып, мамндық иесі атанады, олардың 93 %-ы мемлекеттік білім беру гранты және Есеп комитетінің мақсатты гранты бойынша түскен. 6D052100 – «Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша 5 докторант, оның 4-і білім гранты мен Есеп комитетінің мақсатты грант иегерлері.

Университет Есеп комитетінің жәрдемдесуімен «Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша тәжірибеденн өту базасы ретінде мемлекеттік органдармен және квазимемлекеттік сектор кәсіпорындарымен 30-дан аса ынтымақтастық туралы шарттар жасасты сондай-ақ оқыту процесінің тәжірибеге бағдарланушылығын арттыру мақсатында 2016-2017 оқу жылынан бастап «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» ШЖҚ РМК

базасында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының филиалы ашылды және жұмыс істейді, мұнда докорантура пәндерінің 50%-ы және элективтік магистратура пәндерінің 15%-ы оқытылады.

Жоғарыда мазмұндалған мәліметтер жұмыс берушілер мен білім берушілердің осы бағытта кадрларды даярлауға мүдделі екендігін растайды. Сондықтан қоғамның сұраныстарына жауап ретінде мемлекеттік аудиторлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының аясы кеңейе түсері анық. Осыған орай, республиканың барлық жоғары оқу орындарын мемлекеттік аудит саласындағы мамандарды даярлау мәселелерін талқылауға белсенді қатысуға шақырамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 634 Жарлығы.
2. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы.
3. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 21 нормативтік қаулысы.

УДҚ 336.7

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЕСЕБІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Қазмұханова Дина Бернатқызы

dina_98_dina@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және аудит» 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Бекболсынова

Кәсіпорындар мен ұйымдар өзінің шаруашылық қызметі барысында меншікті капиталымен қатар басқа қатыстырылған (тартылған) капиталды да қолданады. Бұл қатыстырылған капитал бухгалтерлік есепте міндеттемелер деп аталады. Кез келген өндіріспен айналысатын ұйым сол өнімді өндіру үшін қажетті шикізаттар мен материалдар алғаны үшін жабдықтаушы-мердігерлерінің алдында міндетті болса, саудамен айналысатын ұйымдар өзінің сататын тауарларын жеткізіп беруші, яғни қызмет көрсетуші ұйымның алдында қарыз болуы мүмкін. Тіпті өндіріспен де немесе саудамен де айналыспайтын кәсіпорындардың өзі қарамағында жұмыс істейтін жұмысшылары мен қызметкерлеріне олардың істеген еңбегі үшін, сондай-ақ бюджетке түрлі салықтар үшін қарыз немесе оның алдында міндеттемесі болуы мүмкін. Қазіргі таңда қаржының жетіспеушілігінен банктер, банктен тыс мекемелерден, шет елдерден қарыз, несие алып өздерінің жұмысын жандандырып жатқан, сондай-ақ міндеттемелерін шектен тыс көбейтіп алып, оны қайтаруға мүмкіншілігі болмай жабылып, аукционға салынып, сатылып жатқан ұйымдар көптеп кездеседі. Осы айтылған міндеттемелер есебі бухгалтерлік есепте ең негізгі, яғни қай саладағы болмасын кәсіпорындардың көкейтесті мәселелері екендігі сөзсіз. Кәсіпорындардағы міндеттемелердің есебі типтік шоттар кестесінің үшінші міндеттемелер деп алынатын болып шоттарында есептеліп жүргізіледі.

Міндеттеме - бұл бір тұлғаның нақты әрекетпен басқа тұлғаның пайдасын көздейтін істі орындау борышы немесе міндеті. Борышқордың нақты әрекетіне мыналар жатады: мүлікті беру, жұмысты орындау, ақша төлеу және басқалар, әйтпесе белгілі бір әрекеттен тартыну, ал кредит беруші борышқорынан өз міндетін орындауын талап етуге құқылы [1].

Міндеттеме - өткен кезең оқиғасынан пайда болған субъектінің берешегі. Бұл берешекті реттеу экономикалық пайдасы мол ресурстар ағынына әкеп соғады.